



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365

№ 4 (99)

Астана
2022



Редакциялық алқа:

Сыдыков А.Ж.	PhD докторы (Қазақстан), алқа төрағасы
Асанканов А.А.,	тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Қырғызстан)
Әбдуақап Қара,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Түркия)
Бороффка Н.,	археология докторы, профессор (Германия)
Бейсенов А.З.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Ибадуллаева З.Ө.,	тарих ғылымдарының кандидаты, доцент (Қазақстан)
Ибраева А.Г.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі (Қазақстан)
Қасенәлі А.Е.,	PhD докторы (Қазақстан)
Купаева А.Қ.,	PhD докторы (Қазақстан)
Қартаева Т.Е.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Малдыбаева Р.К.,	өнертану кандидаты (Қазақстан)
Мұқтар Ә.Қ.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Оңғар А.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Самашев З.С.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Төлеубаев Ә.Т.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Смағұлов О.С.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы (Қазақстан)
Таймағамбетов Ж.Қ.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
Үмітқалиев Ұ.Ұ.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
Шамильоглу Ю.,	Висконсин университетінің профессоры (АҚШ)



МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Қажымас қайрат, қалтқысыз қызмет 4

ТҰЛҒА. ТАҒЫМ. ТАҒЫЛЫМ / ЛИЧНОСТЬ. ПРИЗНАНИЕ. ПОЧТЕНИЕ

Елеуов М.Е. Археология заңғары	16
Подушкин А.Н. Пытливый ум, неутомимый исследователь	18
Тоқтабай А.У. Тастарға тіл бітірген тарлан ...	23
Бокоренко Н.А. Культура саков Восточного Казахстана: поиск истоков	26
Мұқтар Ә.К. Археолог З. Самашевтың ортағасырлық Сарайшықты зерттеуге қосқан үлесі	32
Ермолаева А.С. Мой сокурсник Зайнолла Самашев	42
Сайлаубай Е.Е. Ұлт тарихын түгендеуші тұлға ..	45

Мерц В.К. Короткие встречи на долгом пути ...	47
Табалдыев К.Ш. Зейнолла ағайыбыздың илимий эмгектерін дайым күтөбүз	50
Гасанов З.Г. Работа «Азербайджано-казахстанской международной археологической экспедиции» в 2019-2022 гг.	53
Омаров Ғ.К. Текті тұлға туралы толғаныс	59
Үмітқалиев Ұ.Ұ. Қазақ археологиясындағы мен таныған Зейнолла аға бейнесі	64

ФОТОШЕЖІРЕ / ФОТОГАЛЕРЕЯ 67

ҒАЛЫМНЫҢ ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫРЫ / ДОСТОЙНАЯ ЖИЗНЬ УЧЕНОГО

Самашев З.С. Көне дүние қойнауына саяхат ...	94
Самашев З.С. Қазақ Алтайындағы Берел ескерткіші	96
Самашев З.С. Вопросы археологии раннего железного века Казахстана	112
Самашев З.С. Тарбағатай петроглифтері. Шимайлы	127
Самашев З.С. Изобразительная деятельность в эпоху средневековья	138
Самашев З.С. Петроглифтерді зерттеудің кейбір әдістері	149

CONTENTS

Indefatigable Will, Unwavering Service 4

PERSONALITY. CONFESSION. HONOR

Eleuov M.E. Patriarch of archeology	16
Podushkin A.N. An inquisitive mind, a tireless explorer	18
Toktabay A.U. A word about contemporary	23
Bokovenko N.A. The saka culture of Eastern Kazakhstan: a search for the origins	26
Muktar A.K. The contribution of archaeologist Z. Samashev to the study of the medieval Sarayshik	32
Ermolayeva A.S. My classmate Zaynolla Samashev ..	42

Sailaubay E.E. A person who studies the history of the nation	45
Merz V.K. Short meetings on a long journey	47
Tabaldiyev K.Sh. We always look forward to the scientific works of Zeynolla agai	50
Gasanov Z.G. The work of the «Azerbaijan-Kazakhstan International Archaeological Expedition» in 2019-2022	53
Omarov G.K. A word about a noble person	59
Umitkaliyev U.U. The image of Zeynolla aga in Kazakh archeology	64

PHOTOGALLERY 67

DIGNIFIED LIFE OF A SCIENTIST

Samashev Z.S. Journey into the depths of the ancient world	94
Samashev Z.S. Berel site of the Kazakh Altai ...	96
Samashev Z.S. Issues of archeology of Early Iron Age Kazakhstan	112
Samashev Z.S. Petroglyphs of Tarbagatay. Shimayly	127
Samashev Z.S. Fine activity in the Middle Ages ...	138
Samashev Z.S. Some methods of studying petroglyphs	149

Самашев З.С.

ПЕТРОГЛИФТЕРДІ ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЙБІР ӘДІСТЕРІ

Мақалада археология ғылымының салмақты бір саласы петроглификаның, оның ішінде қазақстандық петроглификаның даму тарихына шолу жасалады. Жартас бетіндегі суреттердің дақтарын (патиналарын) олардың археологиялық контекстінде зерттеудің маңыздылығы жөнінде сөз болады. Петроглифтерді табу, зерттеу, оқу, жүйелеу; жартас бетіндегі суреттердің салыстырмалы хронологиясын анықтау, табиғат нысандарын зерттеуге микроскоптық техниканы қолдану, т.с.с. петроглификада кеңінен қолданылатын әдістер туралы баяндалады.

Түйін сөздер: Қазақстандық петроглифика, патина, геохимиялық зерттеулер, химиялық сараптама.

Қазақстандық петроглификаның даму тарихында жартас бетіндегі суреттердің салыстырмалы хронологиясын анықтау кезінде тас беті дақтарының (патинаның) деңгейін есепке алу және тіркеу ерекше орын алады. Дәл сол, патинаны зерттеуге байланысты мәселелерді қарастыруда қазақстандық ескерткіштер петроглифтану тарихында үш рет негізгі тәжірибе нысанына айналған болатын.

Алғаш рет бұл мәселе ресейлік ғалым В.А. Городцовтың зерттеу мақаласында арнайы сөз болған. 1926 жылы Торғай даласынан Мәскеудегі Мемлекеттік тарихи музейге әкелінген петроглифтер салынған тасты өзі зерттеп шыққаннан кейін жазылған мақалада ғалым суреттердің салыстырмалы хронологиясын анықтауда олардың таттану деңгейін ескеру қажеттігін атап өтіп, олардың қалыптасу табиғатын саралауға талпыныс жасаған (Городцов, 1926: 37-69).

Екінші рет бұл мәселені 1977 жылы М.К. Қадырбаев пен А.Н. Марьяшев көтерді. Олар Қаратау жотасының петроглифтерімен жұмыс істеу барысында олардың салыстырмалы жасын анықтауда патинаның, шұңқыр суреттері мен жартас бетінің түстері қатынасының маңыздылығын ескере отырып, бес балдық

индекстеу жүйесін жасап шығарып, суреттерді сипаттау барысында оны тәжірибе жүзінде қолданды.

А.Н. Марьяшевтың бұдан кейінгі жұмыстарында патинаны мұндай негізде зерттеу мәселелері қарастырылған жоқ. Тек Таңбалы петроглифтері туралы ұжымдық альбомда ғана авторлар шөл даланың күнге күйу тығыздығы деңгейін анықтаудың осы тәсілін қолданған (Макимова, Ермолаева, Марьяшев, 1985: 124-140). М.К. Қадырбаев пен А.Н. Марьяшев тау жыныстары геологиясы саласындағы сол заман үшін ең жаңа зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, патинаның қалыптасу механизмдерін түсіндіруге алғаш талпыныс жасады (Қадырбаев, Марьяшев, 1977: 11, 153).

Үшінші рет бұл мәселе біздің ЮНЕСКО жобасын жүзеге асыру шеңберінде 1993-1996 жылдары Баянжүрек тауындағы петроглифтермен жұмыс істеуімізге байланысты қозғалды.

Орналасқан жерінің топографиялық ерекшеліктеріне байланысты, Баянжүректегі кейбір суретті жартас беттері қорғанның орта жағдайына, макро және микробиологиялық процестерге едәуір сезімтал болып шықты.

Мыңдаған жылдар бойы жартас беттері мен петроглифтердің өздерінде қалыптасқан пати́на, геохимиялық геомикробиологиялық және басқа да сараптама-лар деректеріне сәйкес, микроорганизмдердің түрлі бактериялардың және басқа да элементтердің қатпарлануынан кұралады және ол ертедегі палеоклимат, сондай-ақ, ылғалдану және қуаңдану кезеңдері, ғаламдық және аймақтық өзгерістер, қоршаған органикалық дүние, микрофлора және т.б. туралы алуан түрлі керекті ақпараттар бере алады.

Патинаның қалыптасу механизмдерін зерттеу, жартас бетіне оның жасын анықтау мақсатымен жүргізілген геохимиялық зерттеулер нәтижелерін петроглифтерді хронологиялық атрибуциялаудың классикалық әдістерімен алынған нәтижелермен салыстырып түзету мен оларды жақын маңда орналасқан, кей ретте C14 бойынша сенімді датасы бар, біртұтас тарихи-мәдени кешеннің бөлшектері болып табылатын жерлеу, үй-шаруашылық, ғұрыптық және басқа да ескерткіштермен сәйкестендіру – қазіргі петроглифтанудың ең маңызды зерттеу бағыттарының бірі екенін жоғарыда айттық.

Франциядан келген маман А. Немлагидің Баянжүректегі суреті жартас беттерінің өзгеру және биотүрлену процестеріне жүргізген микробиологиялық зерттеулердің кейбір нәтижелері қазір бізге мәлім болды, солардың кейбірін келтіре кетейік. Алдымен, осы тектес зерттеу жұмыстары кейіннен Сібірде, белгілі Тобыл және Шишкін бояу суреттері, сондай-ақ Саган-Заба және басқалары негізінде жүргізілгенін айта кетейік (Агеева, 2005: 17-20; Лобзова, Кочанович, 2005: 165-167). Пати́налардың қалыптасу механизмін зерттеу петроглификадағы келешегі зор бағытқа айналып келеді (Ребрикова, 2005: 203-205).

Жартас бетіндегі суреттердің пати́наларын, олардың археоэкологиялық контекстінде зерттеу бізге әртүрлі жағынан қызықты. Ең алдымен – метеорология процестерінің механизмдерін, шөгінді қабаттардың механикалық, химиялық, макро және микробиологиялық эрозиясын білу үшін, содан кейін ежелгі замандағы да, қазіргі кездегі микроөзгерістердің ең алдымен биоклиматтық себептерін анықтау үшін маңызды.

Баянжүректе жүргізілген жұмыстар жартас беттеріндегі пати́налар негізінен

әртүрлі микроорганизмдердің шөгінділерінен қалыптасқанын көрсетті (Nemlaghi, 1998). Қазіргі таңда олардың қалыптасуы өте баяу жүрген болып көрінеді, ал эрозия болса, біраз белсенді жүрген.

Беткі қабаттың үгіліп түсуі, ал кей тұстарда қабыршақтана қабаттанып бөліну термогидрокластия әсерімен біртұтас түрлену үрдісінің тікелей салдары болып табылады. Пати́наларға қарағанда, карбонаттық шөгінділердің көбісі, біздің заманда да, оншалықты жылдам болмаса да, біраз белсенді болып отыр. Карбонат қақтар мен металды пати́налардың түзілуіндегі жауын-шашынның физикалық және химиялық қатысын ескере отырып және микроорганизмдердің үнемі әсер етуін негізге ала отырып, мамандар зерттеу барысында биологиялық шөгінділік және әлдеқандай бактерия тасымалдаушы сипат туралы қорытынды жасады.

Баянжүректен алынған табиғи үлгілерді электронды микроскоппен зерттеу кезінде осы беткі түзілімдердің пайда болуына әсер етуші, толықтай минералданған көптеген бактерия денелері анықталды. Жартас бетіндегі суреттердің табиғаты мен минералдың шығу тегін зерттеуге бағытталған электронды микрондппен химиялық талдау жасау нәтижесінде қара түсті марганец-темір пати́наларының жақсы көрінетін марганецтік сипаты айқын екені анықталды. Ал қызыл-сары түсті темір-марганецті пати́наларға келер болсақ, сараптама нәтижесінде олардың құрамының жартас түзілімдері өзгерістеріне және сумен келген заттарға, әсіресе ол тозаңдарына байланысты екі жақты шығу тегі анықталды.

Париж-VI университетінің зертханасында Қазақстаннан апарылған төрт үлгі зерттелді. Солардың бір үлгісін (БЖ-Б) электронды микроскоппен сканерлеу әдісімен зерттеу түрлі қалыңдықтағы ауқымды пати́наның бар екенін көрсетті. Пати́на бетіне жасалған микробиологиялық сараптама, сондай-ақ жұқа пластиналар түрінде қалыптасқан органикалық-минералды страттардың (қабаттар) да бар екенін анықтады.

Жартас бетіндегі табиғат нысандарын зерттеуге микроскоптық техниканы қолдану микроорганизмдердің биоминералдану процестеріне қатыстылығы және оның пати́налардың микроморфологиясы мен



МӘДЕНИ МҰРА

карбонатты түзілімдеріне тигізетін ықпалына қатысты кейбір күмәндардың бетін ашуға мүмкіндік берді.

Зерттелген қабаттардың көбінің құрамында балдырлар, зеңдер мен бактериялар түрінде көрініс табатын бай органикалық минералданған ұлпа бар екені анық. Беткі қабаттардың түзілуіндегі физикалық-химиялық процесс жүргені туралы болжамды жоққа шығармаған күннің өзінде, соншалықты «тығыз» әрі алуан түрлі бұл микроорганизмдердің сол беткі қабаттардың генезисіне «араласпауы» керек екенін ойлау мүмкін емес болып көрінеді. Химиялық сараптамалар мен геомикробиологиялық тәжірибелер осы мәселені түсінуге септігін тигізеді.

Биоминералдану үрдісіне қатыстылығынан бөлек, микроорганизмдер беткі түзілімдердің микроқұрылымына үлкен әсер етеді. Түрлі микроморфология үлгілері бір-бірінің үстіне қабаттасқан жағдайда олар палеоклиматтық өзгерістердің «индикаторына» айналады.

Патинаның микроқұрылымы мен палеоклимат өзара тығыз байланысты, сондай-ақ, тақталы және біртүрлі патиналар гапераридті кезеңге, ал тығыз құрылымды патиналар – ылғалдылық пен қуаңшылықтың кезектесуімен сипатталатын аридтіліктің әлсіреген кезеңіне сәйкес келеді деген болжам бар.

Суреттер салынған жартас беттері аспан астында уақыт өте келе өзгерістерге ұшырайды. Ол өзгерістер не эрозиялық сипаттағы (заттың ұшырылып әкетуі) немесе биошөгінді түрінде болуы мүмкін.

Соған сәйкес, әрбір орын жартас беттерінің қоршаған ортаның физикалық, химиялық және биологиялық эволюциясымен алуан түрлі өзара әрекеттесулерін зерттеу және сипаттау нысанына айналуы тиіс.

Осы геоклиматтық ортада өзгерістердің түрлері, олардың қоршаған орта мен жартас бөліктеріне тигізетін ықпалы көптеген факторларға: топографияға, петрографиялық және минералогиялық сипаттарға, механикалық қарсыласуға, жартастағы жарықтар мен сынықтардың пайда болуына және жауын суының айналымына тәуелді.

Сканерлеу әдісімен тексеру биоминералдану үрдісін саралап, жақсырақ түсінуге мүмкіндік берді. Кейбір

микроорганизмдер тіршілік ету үшін жартас затының құрамындағы химиялық элементтерді шығарып алады: осы микроорганизмдер бір рет пайдаланған темір, марганец пен кальций олардың мембранасында немесе одан тыс жинақталып, алуан түрлі кристалдар түзеді. Ақырында, химиялық элементтерге жүргізілген сандық және сапалық сараптама беткі шөгінді қабаттың түзілуі барысында заттардың пайда болуы жөнінде көптеген деректер береді. Бұл сараптамалар суреттер салынған беттерді жауып жатқан карбонатты және металды шөгінді қабаттардың болжамды жасын қарастыруға мүмкіндік береді. Сәйкесінше, кей кездері кешенді археологиялық зерттеулермен (үлгі, петроглифтердің салыну техникасы, хрономәдени қатынастар және т.б.) байланысты қарау және саралау адам мен табиғаттың өзара қатынасын жақынырақ түсіну үшін маңызды болмақ.

Баянжүректен алынған үлгілерге жүргізілген геомикробиологиялық зерттеулер карбонатты және металды түзінділерді биошөгінді ретінде түсіндіруге және олардың шығу тегінің классикалық сызбаларын қайта қарастыруға мүмкіндік берді.

Сонда патинада бактериялар тек бар болып қана қоймай, осы шөгінді қабаттарды құрастыруда негізгі, белсенді рөл атқаратындығы да анықталды. Түрлі карбонатты немесе металды түзінділерден шоғырланған бактериялардан тұратын ауқымды түзілімдер қоректік ортаның құрамына қарай жылдам немесе баяу кальций және марганец тотығы қабатын жамылады. Алынған микроқұрылымдардың сан алуан түрлері ортаның физикалық-химиялық сипаттары – иондардың концентрациясы, температураға тәуелді болғаны сияқты, бактериялар колонияларының әртүрлілігі мен өзара әрекеттесу тәсіліне де тәуелді. Металды бактериялардың экологиялық «қажеттіліктері» олардың физиологиялық сипаттамалары туралы білімдер, металды патиналардағы шөгінділер қозғалысын зерттеу үшін қажет.

Марганецті-темірлі патина екі заманның генезисіне куә. Бір жағынан жел ұшырып әкелген марганец пен темірге бай алогенді тозаң бөлшектерінен құралған шөгінді қабат, екінші жағынан – олардың жартас бетінде екі кезекті механизмнің «қорғауымен» бекітілуі (жиналуы):

олардың бірі – ерітіндіде эолды заттың саз балшықты «бөлшектерімен» байланысқан марганец пен темірдің қостотығын босатып шығаруға қабілетті физикалық-химиялық немесе биологиялық механизм және екіншісі – темір мен марганецтің тотығуы арқылы темір мен марганец оксидтерінің шөгуіне ықпал ететін биологиялық механизм.

Алынған нәтижелер биоседиментологияның іргетасын қалаушы рөліне анық әсер етеді және түрлі беткі шөгінділер түзілуінің палеоклиматтық тарихын сипаттауға мүмкіндік береді. Суреттері бар жартас беттерінде басым болып отырған бір темір (қызыл түсті) көлденең қабат пен марганецті-темірлі (қара түсті) көлденең қабаттың стратиграфиялық қатпарлануы экологиялық ахуалдың өзгеру дәуірін меңзейді.

Осылайша, қызыл түсті көлденең қабат сирек өсімдікті, қалың тозаңды гипераридті кезеңді сипаттаса, марганецті-темірлі көлденең қабат біраз мөлшерде темір мен марганец шөгінділерін қалыптастыра алатын микробтардың белсенді әрекетімен сипатталатын аридтіліктің әлсіреген кезеңіне сәйкес келеді. Өр кезде осы климаттық өзгерістер қарапайым биосхемді процестерінің қайта бағдарлануы арқылы жүреді.

Биоқұрылыстар мен өзгерістер үрдістеріндегі бактериялардың айрықша рөлін анықтау үшін келешек зерттеулерге генетика техникасы мен биотехника жетістіктерін кіріктіру қызықты болмақ. Бұл техника жартас бетіндегі суреттері бар орындарды консервациялау үшін қолданылуы мүмкін.

Сурет салынған немесе салынбаған, «шімәйланған» немесе қол тимеген жартас беттеріндегі микроэрозия немесе «қабыршақтану» көріністері термогидрокластия үрдісінің, яғни температура өзгерістерінің құрама ықпалының (мұздау-еру процестерінің кезектесуі және ылғалдылық) нәтижесі болып табылады.

Макробиологиялық өзгерістер тасқа біткен қыналардың басымдығымен сипатталады. Макробиологиялық өзгерістер микроорганикалық сипаты бар беткі үлдірлі шөгінділер («метал» түрлі қара түсті патина) түрінде көрініс тапқан.

Жартас беттері екі басты экоформа: карбонатты түзілімдер мен металды патиналардың дамуымен сипатталатын

геомикробиологиялық түрдегі өзгерістер алаңы болып табылады. Карбонатты қатты түзілімдер палеоэкологиялық тұрғыда климаттың біраз уақыт бұрынғы, айталық, атмосферада тұман түзілуіне себепкер болуы мүмкін ылғалдылық пен салқындық деңгейі бар ылғалды сатыларын сипаттайды.

Кейбір суретті жартас беттеріндегі қабыршақтану, пияз қабығы сияқты құрғап ажырау процестері патинаның қазіргі кезде термогидрокластия әсерінен қарқынды бұзылу сатысында екенін көрсетеді.

Ең маңызды айғақ – қызыл сары түсті төменгі қабаттарда марганецтің болмауы. Бұл қызыл сары түсті көлденең бөліктерді қара түсті беткі қабаттардан ажыратып тұратын марганецтің жетіспейтіндігін білдіреді.

Осы жұмыс барысында жартас бетіндегі шөгінді қабаттардың пайда болуындағы бактериялар колонияларының негізгі түзуші рөлі анықталды. Шын мәнінде әңгіме осы жеке-дара немесе өзара байланысты микроорганизмдер өздерінің тіршілік ету жағдайлары оңтайлы, не болмаса кем дегенде қанағаттандырылдық болғанға дейін өндіретін органикалық-минералдық түзілістер туралы болып отыр. Сәйкесінше, бұл биоминералданудың жылдамдауына немесе баяулауында климаттың негізгі рөл атқаратынын білдіреді: аптап ыстық немесе аяз, ылғалдылық немесе қуаңшылық, оттегіне бай не болмаса аз қаныққан, түз ерітінділеріне жақсы қаныққан, не қанықпаған қышқыл, бейтарап немесе сілті су – микробтардың өсуін не болмаса ұйқыға кетуін жылдамдататын факторлар. Бұл микробтың шығу тегі бар климаттық-шөгінді қабаттар табиғи палеоэкология жөніндегі нағыз «жадыны» қалпына келтіретіні анық.

Химиялық сараптама – патиналардың табиғатын анықтап, түзілу процесін түсіндіру үшін қажетті құрал. Ол палеоэкология туралы маңызды ақпаратты анықтап, радиометриялық әдіске негізделген цифрлік мерзімдеудің жаңа мүмкіндіктерін ашуға көмектеседі. Орталық Азияда қара түсті патинаның ең көп таралуы сурет салынған жартас беттерінен байқалады. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, қара түсті патиналарда марганец көбірек, ал қызыл сары түсті патиналардың құрамында темір басым. Тым күңгірт түсті, салыстырмалы түрде қалың патиналардың бетіне салынған суреттердің бетін недәуір ашық түсті және азырақ дамыған



МӘДЕНИ МҰРА

жаңа «буын» патиалары жауып қалған (Nemlaghi, 1998: 110-120).

Осылайша, геомикробиологиялық зерттеулердің кейбір нәтижелері осы бағыттағы іздеу жұмыстарының келешегі бар екеніне үміт береді, сөйте тұра әзірше жартас бетіндегі бейнелеу өнері ескерткіштерін зерттеудің негізгі мәселелерінің өзектілігі жойылмайды.

Түрлі «буын» патиаларының стратиграфиялық қабаттануын ескерсек, патина құрамын сараптау көмегімен суреттердің салыстырмалы хронологиясын анықтауға болады.

Алғашқы тікелей радиокөмірсутектік мерзімдер Орал тауларындағы Игнатий үңгіріндегі қабырғаға салынған суреттер үшін де анықталған (Широков и др., 2003: 67-72). Сөйте тұра, жаңа мүмкіндіктер үңгір көркем суретінің дүниеге келу уақытын анықтауда одан да көп мәселелер туғызды.

Жаратылыстану ғылымдары әдістерімен алынған мерзімдер тұрақталып қалған стильдік мерзімдермен кереғар келіп жататыны жиі кездеседі. Тіпті, сурет салуға қолданылатын көмір суреттердің салынған уақытынан да көнерек болуы мүмкін деген болжамдар да айтылады.

Осылайша, жартас бетіндегі бейнелеу өнерінің уақытын анықтау бүгінде пәнаралық мәселеге айналып бара жатқанын мойындау керек. Ежелгі өнер ескерткіштерін кезеңдерге бөліп, уақытын анықтаудың этномәдени, сюжеттік, стильдік, стратиграфиялық, тарихи-техникалық, аймақтық-топографиялық сияқты ондаған жылдар бойында жасалған ұстанымдарымен қатар, жаратылыстану ғылымдары әдістерін пайдалану жолдарын іздестіру де өзекті болып қала бермек.

Баянжүрек петроглифтерін хронологиялық тұрғыдан атрибуциялау кезінде біз ең алдымен осы орынның бейнелеу материалдарына сүйендік және суреттердің стильдік және иконографиялық ерекшеліктері, палимпсестердің болуы, кейіпкерлер мен көріністер жинағы, археологиялық материалмен ұқсастығы, ескерткіштің археологиялық ортасы және тағы басқалар сияқты ескерткіштің жергілікті сипаттарын негізге алдық. Көшпенді дала мен отырықшы мекендер тоғысындағы



Рис. 1. Сақ дәуірінің көп бейнелі композициясы. Ешкіөлмес. Жетісу

Fig. 1. Many-figured composition of Saka time. Eshkiolmes. Zhetysu

Жетісу мәдениеттерін қарқынды археологиялық зерттеу осы аймақтардың аралық (немесе «буферлік») табиғатын анықтап берді (сур. 1). Осы тоғысу аймақтарының ежелгі дәуірлердегі көші-қон үрдістерін айқындау үшін үлкен мәні бар. Өз кезегінде, осы өтпелілікті жүзеге асырған халықтар сонымен қатар мәдени дәстүрлердің, сәнді ағымдардың, көркем бейнелердің тасымалдаушысы да болған. Осы өзара әрекеттесудің барлық мәдениеттанушылық сипаттары – ықпал ету мен кірігу, көшіріп алу мен еліктеу – түрлі мәдени дәстүрлердің араласуын көрсететін Жетісу ежелгі өнерінің ескерткіштерінде де көрініс тапқан.

Әдебиеттер

1. Городцов А.В. Скальные рисунки Тургайской области // Труды ГИМ. Разряд археолог. – М., 1926. – Вып. 1. – С. 37-69.
2. Максимова А.Г., Ермолаева А.С., Марьяшев А.М. Наскальные изображения урочища Тамгалы. – Алма-Ата: Өнер, 1985.
3. Кадырбаев М.К., Марьяшев А.Н. Наскальные изображения хребта Каратау. – Алма-Ата: Наука, 1977. – 232 с.
4. Агеева Э.Н. Стратегия и некоторые технологические аспекты консервации петроглифов в свете исследования патины // Мир наскального искусства. – М., 2005. – С.17-20; Лобзова Р.В., Кочанович А.В. Скальные породы, корковые отслоения и патины на некоторых местонахождениях Сибири // Мир наскального искусства. – М., 2005. – С. 165-167.
5. Ребрикова Н.Л. К вопросу о природе образования скального загара // Мир наскального искусства. – М., 2005. – С. 203-205.
6. Nemlaghi A. Approche Geomicrobiologique des processus d'alteration et de biokonstruction des surfaces d'art rupestre en Asie Centrale (Kazakhstan & Sibere Meridionale). – Paris, 1998.
7. Широков В.Н., Rowe M.W., Steelman K.L., Southon J.R. Игнатиевская пещера – первые прямые радиоуглеродные датировки настенных рисунков // Образы и сакральное пространство древних эпох. – Екатеринбург, 2003. – С. 67-72.

Самашев З.С.

НЕКОТОРЫЕ МЕТОДЫ ИЗУЧЕНИЯ ПЕТРОГЛИФОВ

В статье дается обзор истории развития петроглифики, в том числе Казахстанской петроглифики, одной из важных областей археологической науки. Речь пойдет о важности изучения пятен (Патин) наскальных рисунков в их археологическом контексте. В работе раскрываются проблемы обнаружения, изучения, чтения, систематизации петроглифов, определения сравнительной хронологии изображений на поверхности скалы, применения микроскопических методов к изучению объектов природы и т. д. Автор описывает методы, широко используемые в изучении петроглифов.

Ключевые слова: Казахстанская петроглифика, патина, геохимические исследования, химическая экспертиза.

References

1. Gorodsov A.V. Skälnye risunki Turgaiskoi oblasti // Trudy GIM. Razräd arheolog. – M., 1926. – Vyp. 1. – S. 37-69.
2. Maksimova A.G., Ermolaeva A.S., Märäşev A.M. Naskälnye izobrajenia urochişa Tamgaly. – Alma-Ata: Öner, 1985.
3. Kadyrbaev M.K., Märäşev A.N. Naskälnye izobrajenia hrebta Karatau. – Alma-Ata: Nauka, 1977. – 232 s.
4. Ageeva E.N. Strategia i nekotorye tehnologicheskie aspekty konservasii petroglifov v svete issledovania patiny // Mir naskälного iskustva. – M., 2005. – S.17-20; Lobzova R.V., Kochanovich A.V. Skälnye porody, korkovye otsloenia i patiny na nekotoryh mestonahojdeniah Sibiri // Mir naskälного iskustva. – M., 2005. – S. 165-167.
5. Rebrikova N.L. K voprosu o prirode obrazovania skälного zagara // Mir naskälного iskustva. – M., 2005. – S. 203-205.
6. Nemlaghi A. Approche Geomicrobiologique des processus d'alteration et de biokonstruction des surfaces d'art rupestre en Asie Centrale (Kazakhstan & Sibere Meridionale). – Paris, 1998.
7. Şirokov V.N., Rowe M.W., Steelman K.L., Southon J.R. İgnatievskaa peşera – pervye prämye radiouglerodnye datirovki nastennyh risunkov // Obrazy i sakrälnoe prostranstvo drevnih epoch. – Ekaterinburg, 2003. – S. 67-72.

Samashev Z.S.

SOME METHODS OF STUDYING PETROGLYPHS

The article provides an overview of the history of the development of petroglyphics, including Kazakhstani petroglyphics, one of the important areas of archaeological science. We will talk about the importance of studying the spots (Patina) of rock paintings in their archaeological context. The paper reveals the problems of discovering, studying, reading, systematizing petroglyphs, determining the comparative chronology of images on the rock surface, applying microscopic methods to the study of natural objects and etc. The author describes the methods widely used in the study of petroglyphs.

Keywords: Kazakhstani petroglyphics, patina, geochemical studies, chemical expertise.